



Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Қызылтам стансасы Сарыжылауан көшесі №1
Тел: 8 (724) 37-4-01-87

Қызылорда облысы, Кармакшинский район
ст. Кызылтам улица Сарыжылауан №1
Тел: 8 (724) 37-4-01-87

Бұйрық

«25» 09 2025ж № 132

TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша жұмыс жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу жетістіктерін сырттай бағалау, білім сапасын арттыру және халықаралық зерттеулерге қатысуға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында, сондай-ақ мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту және білім сапасын жетілдіру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№79 негізгі мектебі» КММ-де білім алушыларды TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындау бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуын қатаң қадағалау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Бейісоваға жүктелсін.
3. Пән мұғалімдері халықаралық зерттеулердің талаптарына сәйкес оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша сабақтар, тест, тренингтер, факультативтік жұмыстарды ұйымдастырсын.
4. Әдістемелік бірлестік жетекшілері оқу жылы барысында жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысына талдау жүргізіп, ай сайын мектеп әкімшілігіне есеп беріп отырсын.
5. Психолог пен сынып жетекшілері зерттеуге қатысатын оқушыларға психологиялық қолдау, мотивация жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсін.
6. Бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының орынбасары Г.Бейісова мен бірлестік жетекшілеріне жүктелсін.



Мектеп директоры:

Ә.Мыржақов

Жамағатаи: *Г.Бейісова* *Г.Бейісова*



№79 негізгі мектебінде TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша жұмыс жоспары

Мақсаты:

- Білім алушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығын дамыту;
- Халықаралық зерттеу форматтарына бейімдеу;
- Оқушылардың сыни ойлау, талдау, дәлелдеу және функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру;
- Мұғалімдердің халықаралық бағалау талаптарына сәйкес әдістемелік тәжірибесін жетілдіру.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара мазмұны	Өткізу формасы	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	TIMSS, PISA, PIRLS зерттеулерінің мақсат-міндеттерімен педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналарды таныстыру	Жиналыс, таныстырылым, ақпараттық буклет	Қыркүйек	Оқу ісі жөніндегі орынбасар	Мұғалімдер мен ата-аналар зерттеу талаптарынан хабардар болады
2	Өткен оқу жылының БЖБ, ТЖБ нәтижелеріне сараптама жасау, оқушылардың әлсіз тұстарын анықтау	Талдау, мониторинг	Қыркүйек	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	Оқушылардың білім деңгейі айқындалады, түзету жұмыстарының бағыты белгіленеді
3	«Халықаралық зерттеулер форматы» тақырыбында ақпараттық семинар өткізу	Презентация, тренинг	Қыркүйек	ӘБ жетекшілері, психолог	Оқушылар зерттеу форматы, тапсырмалар үлгісімен танысады
4	PIRLS бағыты бойынша 4-сынып оқушыларының мәтін оқу, талдау дағдыларын жетілдіру	Мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, пікірталас	Қазан–Мамыр	Бастауыш сынып мұғалімдері	Оқушылардың оқу сауаттылығы дамиды, мәтіннен ақпарат табу білігі қалыптасады
5	TIMSS бағыты бойынша 8-сынып оқушыларының математика және жаратылыстану сауаттылығын дамыту	Есептер шығару, зертханалық жұмыстар, диаграмма талдау	Қазан–Мамыр	Математика, жаратылыстану пәндері мұғалімдері	Оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеті дамиды, логикалық ойлауы артады
6	PISA бағыты бойынша 15 жастағы оқушылардың оқу, математикалық,	Жаттығулар, модельдеу, практикалық тапсырмалар	Қазан–Мамыр	Қазақ тілі, математика, жаратылыстану мұғалімдері	Оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады, өмірлік жағдаяттарды

	жаратылыстану сауаттылығын арттыру				шешу қабілеті қалыптасады
7	Әдістемелік кеңес: «Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері»	Пікірталас, коучинг	Қараша	ӘБ жетекшілері	Мұғалімдер жаңа әдістемелерді қолдануды меңгереді
8	Пробациялық (сынақ) тестілер өткізу – PIRLS, TIMSS, PISA форматында	Тест, талдау	Қараша, Ақпан	Пән мұғалімдері	Оқушылар форматпен тәжірибеден өтеді, білім деңгейі салыстырылады
9	Үйірмелер мен факультатив сабақтарына халықаралық зерттеу тапсырмаларын енгізу	Сабақ, шығармашылық тапсырмалар	Жыл бойы	Үйірме жетекшілері	Оқушылар қосымша дайындалады, дағдыларын бекітеді
10	Оқушылардың мәтінмен жұмыс, диаграмма, график, кестелерді талдау дағдыларын дамыту	Тренинг, практикалық жұмыс	Желтоқсан, Наурыз	Психолог, пән мұғалімдері	Оқушылар деректерді талдайды, салыстыру, қорытынды жасау қабілеті артады
11	Оқу сауаттылығы бойынша эссе жазу, пікірталас сабақтарын өткізу	Эссе, пікірталас клубы	Жыл бойы	Қазақ тілі, әдебиет мұғалімдері	Оқушылардың ойды еркін жеткізу, дәлелдеу қабілеті дамиды
12	Мониторинг нәтижелерін шығарып, қорытынды талдау жасау, түзету жұмыстарының жоспарын құру	Сараптама, есеп беру	Мамыр	Оқу ісі жөніндегі орынбасар, пән мұғалімдері	Дайындық жұмыстарының тиімділігі анықталады, келесі жылға бағыт беріледі

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасар  Г.Бейісова